



Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2311 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі	К. Мәсімов	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2009	жылғы	30
№	2311	желтоқсандағы
	қаулысымен	
бекітілген		

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің миссиясы мен пайымдауы
2. Ағымдағы жағдайды талдау
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары және міндеттері
4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің функционалды мүмкіндіктерін дамыту
5. Үлгілі тәуекелдер
6. Басқа мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеті
7. Стратегиялық жоспарды әзірлеуге негіз болған нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттардың тізбесі
8. Бюджеттік бағдарламалар

1. Миссиясы мен пайымдауы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) миссиясы пайдаланушылардың (халық, бизнес, мемлекеттік органдар және халықаралық ұйымдар) сапалы статистикалық ақпаратқа қажеттілігін барынша қанағаттандыру жолымен Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Пайымдауы - Агенттік статистикалық қызмет саласында БҰҰ-ның ресми статистикасының басты қағидаттарын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге неғұрлым қабілетті елдер қатарына кіруіне ықпал ететін мемлекеттік орган.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Мемлекеттік статистиканы дамыту Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің тиімділігін арттыруға арналған жағдайлар жасауға бағытталған және бағдарламалық құжаттарды әрі Президенттің Қазақстан Республикасының халқына жыл сайынғы жолдауларын ақпараттық-статистикалық қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып т а б ы л а д ы .

Негізгі проблемалардың бірі статистикалық көрсеткіштерді әзірлеу үшін әкімшілік дереккөздің деректерін жеткіліксіз пайдалану болып табылады. 2009 жылы мемлекеттік статистика жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді, «Мемлекеттік статистика туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары әзірленді. 2010 жылға заң жобаларын қабылдау жоспарланды. Жаңа заңдар статистикалық және статистикалық емес қызметтің шектеуін нақты анықтауға, статистиканың сапасын арттыруға, әкімшілік дереккөздердің деректерін пайдалану арқылы респонденттерге түсетін жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен негізгі заң жобасының терминологиясына және тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік органдардың құзыретін қозғайтын анықтамаларды нақтылау, нормаларды келтіру, әкімшілік дереккөздердің деректеріне уәкілетті органның қол жеткізуін қамтамасыз ету бөлігінде 104 заңнамалық актілерге (Азаматтық, Жер, Орман, Экологиялық, Еңбек, Бюджет кодекстері, ӘҚБК, салалық заңдар, сондай-ақ дара кәсіпкерлік мәселелері бойынша бірқатар заңнамалық актілеріге) өзгерістер енгізілетін болады. Заң жобаларын қабылдау пайдаланушыларды толық және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсартуға мүмкіндік береді, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тиісті саладағы

заңнама нормаларын сақтауда жеке жауапкершіліктерін арттырады Дүниежүзілік Банкімен өзара іс-қимылы бойынша («Doing Business») Қазақстан Республикасында бизнесті жүргізу қолайлылығының деңгейі бойынша рейтингті меншіктеу жөнінде жүргізілетін жұмыстар шеңберінде 2009 жылы бизнеске жүктемені төмендету және әкімшілік бөгеттерді қысқарту жөнінде жұмыс жүргізілді. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша заңнамаға мемлекеттік статистика саласында уәкілетті органдағы тіркеудің құжатсыз нысанын көздейтін өзгерістер енгізілуде (жылына 25 мыңнан астам заңды тұлғаларды тіркеген кезде статистикалық карточка жойылады).

Басты міндеттердің бірі халықаралық стандарттарға сәйкес статистикалық байқауларды жүргізудің әдіснамасын одан әрі дамыту болып табылады. 2009 жылы пайдаланушылардың талаптарын ескере отырып, статистикалық көрсеткіштердің тізбесі мен пішімі өңделді. Статистикалық көрсеткіштерді жариялау мерзімдері мен нақтылау дәрежесі әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді.

Статистикалық ақпараттың толық жинағы Агенттіктің www.stat.kz интернет-ресурсында, Халықтың ұлттық санағы жөніндегі статистикалық ақпарат - www.kz2009.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

2009 жылғы 25 ақпан мен 6 наурыз аралығында Қазақстан Республикасы Халқының ұлттық санағы өткізілді, оның қорытындысы бойынша халық санағының алдын-ала қорытындылары ұсынылды. Қазақстан Республикасы тұрғындарының демографиялық, әлеуметтік-экономикалық белгілері бойынша көкейтесті етілген деректер алынды. Егжей-тегжейлі деректер 2010 - 2011 жылдары жарияланатын болады.

2009 жылы Агенттік 204 (2008 жылы - 213), басқа мемлекеттік органдар 80 (2008 жылы - 84) статистикалық байқау өткізді, сондай-ақ әкімшілік деректерді есепке алу жүйесі жүргізілуде (деректердің мемлекеттік қорлары мен тіркелімдік жүйелері).

Басты міндеттердің бірі респонденттерге түбегейлі жүктеме болып табылады. Сондықтан, кәсіпорындарға түсетін орташа жүктеме айына 8 статистикалық есепті құрайды (кәсіпорынның мөлшеріне, өңірге және байқау жүргізу тәсіліне байланысты 4-тен 50-ге дейін нысан), мұның өзінде, респонденттің есептілікті толтыруға жұмсайтын орташа уақыты кәсіпорынның мөлшеріне байланысты жылына 2-ден 18 адам-күн аралығында түрленіп отырады. 2009 жылы «респонденттерге түсетін жүктемені төмендету» көрсеткішіне қол жеткізу үшін мынадай шаралар толық көлемде іске асырылды: статистикалық есептіліктің 131 нысаны жаңғыртылды. статистикалық есептіліктің нысандарына 127 нұсқаулық өңделді, 18 әдіснамалық нұсқаулық жаңадан әзірленді және өңделді.

2009 жылы жергілікті кешендермен қатар режимде жүргізілетін «Электронды статистикалық есеп» Ақпараттық жүйеге (бұдан әрі - ЭСЕ АЖ) деректер жиналатын 30 статистикалық нысаны тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Оның ішінде 2009 жылы ЭСЕ АЖ-ға деректерді нақты жинау және өңдеу орындалған 8 статистикалық нысан өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. 2009 жылғы 10 ай ішінде электрондық цифрлық

қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) пайдаланусыз электронды түрде облыстық Статистика департаменттері арқылы 5 423 есеп қабылданды, ЭЦҚ енгізілгеннен кейін интернет-ресурс арқылы есеп берген кәсіпорындардың саны 276-ны құрады, облыстық Статистика департаменттері арқылы есеп берген кәсіпорындардың саны - 241.

Агенттіктің ақпараттық жүйелерін олардың «Электрондық үкімет» инфрақұрылымымен біріктірілуін есепке ала отырып, 2009 жылдан бастап құру және дамыту жөніндегі тұжырымдама іске асырылуда. Осы тұжырымдама мемлекеттік органдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелерінің біріктірілуін және статистикалық ақпаратты өңдеу, сақтау, талдау және тарату жөніндегі жаңа бағдарламалық құралдар кешенінің енгізілуін көздейді. Е-статистикасын дамыту шеңберінде 3 ақпараттық жүйе бойынша жұмыс жүргізілуде - «СЫНЫП» АЖ, ЭСЕ АЖ, ЭСТ.

Басты проблемалардың бірі ресми статистика деректеріне сенімнің және пайдаланушылардың қанағаттанушылық дәрежесінің жеткіліксіз деңгейі болып табылады. Басқа елдермен салыстырғанда, мемлекеттік статистикаға сенім деңгейі және сапалы деректерге қанағаттанушылық дәрежесі Қазақстан Республикасында салыстырмалы тұрғыдан алғанда төмен. 2009 жылы статистикалық ақпаратты пайдаланушылар арасында жүргізген сұраулардың нәтижелері бойынша пайдаланушылардың 74 %-нан астамы ресми статистикалық деректердің 75 %-дан астамын шынайы деп бағалады; ал оның ішінде 33,2% толық сенеді. Пайдаланушылардың көпшілігі - сұралғандардың 85,7%-ы жарияланған ақпараттың көлемімен қанағаттанады. Мысалы, дамыған елдерде (Канада, Австралия, Финляндия, Норвегия және басқалары) бұл көрсеткіш 85 %-дан астамды құрайды.

Агенттіктің техникалық құралдармен жабдықталу дәрежесі 70 %-ды құрайды. Статистикалық көрсеткіштердің жоспарланған көлемінің сапалы және тиімді әзірлемесін қамтамасыз ету үшін көлікпен және жиһазбен қамтамасыз етуді қоса алғанда, қызметкерлердің жұмыс орындарын қайта жабдықтау талап етіледі.

Жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешу мақсатында қызметкерлерді тұрақты оқыту жүйесі құрылған. 2009 жылы Агенттіктің 2000 қызметкері, 3000 статистикалық ақпаратты пайдаланушылар, 10000-нан астам респонденттер оқытылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен өзара іс-қимыл шеңберінде «Статистика» мамандығы қайта ашылды.

Халықаралық статистика кеңістігіне нашар біріктірілген статистика маңызды проблема болып табылады. Бұл проблеманы шешу үшін Агенттікпен көптараптық және екітараптық деңгейде түрлі статистикалық ұйымдармен (БҰҰ Статистикалық Комиссиясы, БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы, Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы, Еуростат, Түркия халықаралық ынтымақтастық агенттігі, ТМД Статистикалық комитеті және т.б.) және ұлттық статистикалық офистермен өзара халықаралық іс-қимылы жүзеге асырылуда.

2009 жылы Агенттік 3 халықаралық семинар өткізді (БҰҰ ЕЭК, АТМЭК, ОАЭАБ

өкілдерінің қатысуымен). Агенттіктің және аумақтық статистика органдарының 64 қызметкері статистика салалары бойынша 53 әр түрлі конференцияларға, семинарларға және кездесулерге қатысты.

2009 жылы Қазақстан Азия және Тынық мұхит елдеріне арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (АТМЭК) Статистика комитеті бюросындағы Вице-Төрағасы лауазымына 2011 жылға дейін, сонымен қатар 2012 жылға дейін статистика жөніндегі БҰҰ-ның Орталық Азия және Әзірбайжан экономикасы үшін арнайы бағдарламасының (ОАЭАБ) Жұмыс тобының Төрағасы болып тағайындалды. ТМД елдерінің статистикалық қызметтері басшылары кеңесінің 42 отырысында Агенттігінің төрағасы Ә.А. Смайылов Кеңестің бірлескен төрағасы ретінде сайланды.

Норвегия, Германия елдерімен өзара тиімді ынтымақтастық жалғастырылуда. Қазақстан АТМЭК-тің экономикалық статистиканы жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының құрамына қосылды, Вашингтондық жұмыс тобының жұмысқа қабілетсіздік статистикасы бойынша пилоттық мемлекеті болып табылады.

2009 жылы Қазақстан Канаданың Оттава қаласында «Экономикалық үрдістерді дер кезіндегі бағалау» жөніндегі кездесуге қатысты.

Қазақстан АТМЭК министрліктері деңгейіндегі 65-сессиясының Азия тынық мұхиты өңірі бойынша статистика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі резолюция жобасына Жапониямен бірге авторлас ретінде шықты.

2009 жылы Агенттік 140 сауалды өңдеді және халықаралық ұйымдарға және шетелдік институттарға жіберді.

Агенттік қызметінің проблемалық (қолданыстағы мемлекеттік статистика жүйесінің әлсіз жақтары және кемшіліктері) салалары:

1) халықаралық стандарттарға сәйкес статистикалық байқауларды жүргізудің әдіснамасын одан әрі дамыту;

2) респонденттерге түбегейлі жүктеме;

3) ресми статистика деректеріне сенімнің және пайдаланушылардың қанағаттанушылық дәрежесінің жеткіліксіз деңгейі;

4) статистикалық көрсеткіштерді әзірлеу үшін әкімшілік дереккөздің деректерін жеткіліксіз пайдалану (ведомствоаралық өзара іс-қимыл);

5) халықаралық статистикалық кеңістікке нашар біріктірілген статистика.

Осылайша, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі мәселелерді шешу неғұрлым маңызды болып табылады:

- статистикалық әдіснаманы одан әрі жетілдіру;

- әкімшілік дереккөздерінің деректер қорына талдау жүргізу;

- деректер қорын қалыптастыру тәртібі мен жүргізу және статистикалық жіктелімдерді пайдалану жөніндегі әкімшілік дереккөздерді Агенттік талаптарын міндетті түрде сақтауы;

- мемлекеттік органдар мен Агенттіктің ақпараттық жүйелерін дамыту және

б и р и к т и р у ;

- статистикалық байқаулар нысандарын одан әрі жаңарту.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары және міндеттері

Агенттік қызметінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары:

1) статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру (1
проблемалық сала);

2) респонденттермен жұмысты жетілдіру (2 проблемалық сала);

3) статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмысты жетілдіру (3 проблемалық сала) ;

4) мемлекеттік статистика органдары жүйесінің тиімділігін арттыру (4 проблемалық с а л а) ;

5) статистикалық қызмет саласында халықаралық тәжірибені алу (5 проблемалық сала).

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
		2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
1	2	3	4	5	6	7	8	9

1-стратегиялық бағыт. Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру

1.1-мақсат. Статистикалық әдіснаманы жетілдіру

Н ы с а н а л ы				и н д и к а т о р л а р :	
2010	ж ы л ы	-	15	бірліктен	кем емес,
2011	ж ы л ы	-	10	бірліктен	кем емес,
2012 жылы және кейінгі жылдары - 5 бірліктен кем емес жана және қаралған әдіснамалық материалдарды бекіту.					

1.1.1-міндет. Талдамалық зерттеулерді өткізу

Талдамалық зерттеулерді статистика салалары бойынша өткізу	бірлік	6	7	5	6	6	5	5
--	--------	---	---	---	---	---	---	---

1.1.2-міндет. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау

Статистика салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау	бірлік	13					8	5
--	--------	----	--	--	--	--	---	---

1.1.3-міндет. Статистика салаларының әдіснамасын жетілдіру

Статистика салалары бойынша әдіснаманы жетілдіру	бірлік	6	40	17	12	6	7	8
--	--------	---	----	----	----	---	---	---

1.2-мақсат. Статистикалық құралды жетілдіру

Н ы с а н а л ы
жаңа статистикалық көрсеткіштерді енгізу
2010 жылы - 40 бірліктен кем емес,
2011 - 2013 жылдары - 20 бірліктен кем емес,
2014 жылы - 10 бірліктен кем емес.

1.2.1-міндет. Статистикалық тіркелімдер мен мемлекеттік жіктеуіштер жүйесін дамыту

Халық тіркелімін әзірлеу	бірлік			1				
Халық тіркелімін енгізу	бірлік				1			
Мемлекеттік статистикалық жіктеуіштерді әзірлеу	бірлік	1	2			1	1	2
Статистикалық тіркелімдерді жүргізу және көкейтесті ету	бірлік	3	3	3	3	4	4	4

1.2.2-міндет. Жаңа статистикалық байқауларды енгізу

Статистика салалары бойынша жаңа статистикалық байқау енгізу	бірлік		3	11	3	2	2	2
--	--------	--	---	----	---	---	---	---

1.2.3-міндет. Жаңа статистикалық көрсеткіштер енгізу және қолдағы бар статистикалық көрсеткіштердің салыстырымдылығын арттыру

Статистика салалары бойынша жаңа статистикалық көрсеткіштер енгізу	бірлік	41	97	48	21	17	22	10
Статистикалық деректердің салғастырымдылығын арттыру әртүрлі әдістермен есептелген, негізгі макроэкономикалық индикаторлар бағалауларындағы алшақтықты азайту	Бағалардағы алшақтықтың %-ы	10	9	8	7	6	5	5

2-стратегиялық бағыт. Респонденттермен жұмысты жетілдіру

2.1-мақсат. Респонденттерге түсетін жүктемені төмендету

Нысаналы индикатор: респонденттерге түсетін жалпы жүктемені 2014 жылға қарай қазіргі деңгейден 10 %-ға төмендету (жыл сайын еткен жылғы деңгейден 2%-ға)

2.1.1-міндет. Респонденттерге түсетін есепті жүктемені төмендету

Статистикалық нысандардағы бастапқы	%		2	2	2	2	2	
-------------------------------------	---	--	---	---	---	---	---	--

Статистика агенттігінің интернет-ресурстарында статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың өтініштері санын ұлғайту	бірлік	Кемінде 1000	75 мың	Кемінде 120 мың	Кемінде 200 мың	Кемінде 300 мың	Кемінде 400 мың	Кемінде 500 мың
---	--------	--------------	--------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------

3.1.2-міндет. Үдерістерді жетілдіру және статистикалық ақпаратты қалыптастыру рәсімдерінің айқындығын қамтамасыз ету

9001-2001 ҚР СТ (орталық аппарат және аумақтық органдар) және 9001:2008 ИСО ХС (орталық аппарат) талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесін енгізу	бірлік	1		5	6	7	5	6
9001-2001 ҚР СТ (орталық аппарат және аумақтық органдар) және 9001:2008 ИСО ХС (орталық аппарат) талаптарына сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растау	бірлік		1	1	5	11	13	12
Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын әзірлеу	бірлік			1	1			

3.1.3-міндет. Халықтың ұлттық санағын өткізу және қорытындыларын тарату

Халықтың ұлттық санағын өткізу	бірлік		1					
Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша статистикалық жинақтарды шығару	сериялар		1	16	16			
Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша талдамалық есеп дайындау	талдау				1			

4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік статистика органдар жүйесінің тиімділігін арттыру

4.1-мақсат. Мемлекеттік органдармен деректерді электронды түрде алмасуды қамтамасыз ету

Нысаналы индикатор: 2014 жылы статистикалық мақсаттарға арналған мемлекеттік органдардың 15 ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету

4.1.1-міндет. Деректермен электронды алмасуды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс

«Мемлекеттік статистика туралы» Заңды әзірлеу	заң жобасы		1					
«Мемлекеттік статистика туралы» Заңды қабылдау	заң жобасы			1				
Мемлекеттік органдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету	бірлік		4	5	5			1
Статистика агенттігінің ақпараттық ішкі жүйелерін енгізу	бірлік	1	4		1			
Мемлекеттік органдармен е-статистика шеңберінде деректерді электронды алмасу	бірлік		1		1			

5-стратегиялық бағыт. Статистикалық қызмет саласында халықаралық тәжірибені алу

5.1-мақсат. Халықаралық ұйымдар мен ұлттық статистикалық институттармен ынтымақтастық негізінде статистика әдіснамасын жетілдіру

Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р :
статистика салалары бойынша халықаралық озық тәжірибе алған қызметкерлердің санын көбейту, жылына кемінде 30
қызметкер

5.1.1-міндет. Шетелдік статистикалық әріптестермен озық тәжірибе алмасу

Қазақстан Республикасында халықаралық семинарлар өткізу	бірлік	1	2	1	1	1	2	2
Статистиканың салалары бойынша қызметкерлердің семинарларға қатысуы	бірлік	12	47	50	50	55	55	60

Стратегиялық бағыттар және мақсаттар	Мемлекеттің стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағытталған мемлекеттік органның қызметі	Стратегиялық құжаттың, құқықтық нормативтік актінің атауы
Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру	Қазақстан Республикасының тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру	Мемлекет Басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты жолдауы
Респонденттермен жұмысты жетілдіру	Экономиканы және саяси жүйені дамытуға ықпал жасау	
Статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмысты жетілдіру		
Мемлекеттік статистика органдары жүйесінің тиімділігін арттыру		

Статистикалық қызмет саласында халықаралық тәжірибені алу	Халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру
--	---

Агенттік қызметінде қоғам қажеттіліктері көрініс табатын стратегиялық жоспардың негізгі мақсаттары ұсынылатын статистикалық ақпараттың сапасын арттыру, респонденттерге түсетін жүктемені төмендету және мемлекеттік статистиканың деректеріне деген сенімнің жоғары деңгейі болып табылады.

2014 жылға қарай 1 мыңнан кем түспейтін негізгі статистикалық көрсеткіштер әзірлемесін қамтамасыз ету, респонденттерге түсетін жүктемені кем дегенде 10 %-ға төмендету, 80 %-дан кем түспейтін мемлекеттік статистика сапасына деген қанағаттанушылық деңгейін қамтамасыз ету талап етіледі. Көрсетілген нысаналы индикаторларға қол жеткізу әрбір стратегиялық бағыттар бойынша міндеттерді шешу жолымен қамтамасыз етілетін болады. 2014 жылға қарай негізгі статистикалық бағыттар бойынша серпінді қолдауды қамтамасыз ету талап етіледі.

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің функционалдық мүмкіндіктерін дамыту

2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспардың іске асырылуына ықпал ететін Агенттіктің функционалдық мүмкіндіктері мыналар болып табылады:

1. Агенттік қызметкерлерін, статистикалық ақпаратты пайдаланушылар мен респонденттерді оқыту жүйесін дамыту.

Тілдер және сала курстары бойынша ұдайы оқуды өткізу қажет

2. Бюджеттік заңнаманы сақтау және ішкі аудит жүйесін жетілдіру жөнінде іс - шаралар өткізу.

СМЖ талаптарына сәйкес ұдайы бақылау өткізу

3. Статистиканың негізгі салалары бойынша халықаралық семинарларға қатысу және Қазақстан Республикасында халықаралық семинарларды өткізу есебінен халықаралық озық тәжірибемен алмасу.

Халықаралық семинарларға қатысу арқылы тұрақты түрде тәжірибемен алмасу.

4. Басқа мемлекеттік органдар және халықаралық ұйымдармен өзара ықпалдасу - жұмыс тиімділігі кеңейту, одан да жетілген нысандарды, қойылған міндеттерге қол жеткізу бағыттарын енгізу.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін басқа мемлекеттік органдардың деректер қорларымен алмасу.

5. Мерзімді және нақты статистикалық деректермен қамтамасыз ету шеңберінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы.

Халықаралық экономикалық форумның халықаралық ұйымдар тізімі бойынша (ЮНЕСКО статистикалық институты, Халықаралық Валюта Қоры, Economic Intelligence Unit) статистикалық ақпаратты қамтамасыз ету.

5. Ықтимал тәуекелдер

Стратегиялық жоспардың барлық бағыттарына қол жеткізу ықтимал тәуекелдерді болдырмау дәрежесіне тәуелді

Тәуекел атауы	Ықтимал салдарлар	Басқару шаралары мен тетіктері
Қаржыландырудың жеткіліксіздігі	Стратегиялық бағыттардың толық іске асырылмауы	Агенттіктің жеткілікті бюджетін бекіту
Статистикалық деректерді өндіру үшін мемлекеттік органдармен өзара тиімсіз іс-қимылдары	Статистикалық көрсеткіштерді өндірудің негізі ретінде әкімшілік көздер мен деректердің мемлекеттік қорын жеткіліксіз пайдалану.	Мемлекеттік органдардың қолданыстағы және әзірленіп жатқан АЖ тұрақты талдау (АБА-мен бірге). Электронды өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін Агенттіктің АЖ-сын мемлекеттік органдардың жүйелеріне біріктіру
Кадрлық тәуекелдер, соның ішінде кәсіби мамандардың тапшылығы	Агенттік қызметкерлерінің кәсіби шеберлігінің, статистикалық деректер сапасының төмендеуі	Басқару әдістерін жетілдіру, қызметкерлердің тұрақты оқу жүйесін дамыту, ЖОО-да тиісті саладағы мамандарды даярлау.

6. Басқа мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеті

Агенттік барлық орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдармен ә р е к е т е т е д і .

Халықаралық ұйымдармен мемлекеттік статистика саласындағы қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген өзара мүдделілік және теңдік қағидаттарына негізделген, Қазақстан Республикасы мүшесі болып отырған екі жақты және көп жақты халықаралық келісімдер негізінде анықталады.

2009 жылы Агенттік шетелдегі 53 халықаралық іс-шараларына қатысты, 3 халықаралық семинар (БҰҰ ЕЭК, АТМЭК, ОАЭАБ өкілдерінің қатысуымен) өткізілді.

7. Стратегиялық жоспар әзірлеуге негіз болған нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттардың тізбесі

1. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қ а ң т а р д а ғ ы К о д е к с і ;
2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексі;
3. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі;
4. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі;
5. «Ұлттық банк туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы 3 а ң ы ;
6. «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19

- м а у с ы м д а ғ ы 3 а ң ы ;
7. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7
м а м ы р д а ғ ы 3 а ң ы ;
8. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998
ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы 3 а ң ы ;
9. Қазақстан Республикасындағы 2006 - 2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік
стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29
қ а р а ш а д а ғ ы № 1 6 7 7 Ж а р л ы ғ ы ;
- 10 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы;
11. «2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы № 1138 қаулысы;
12. «Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі
тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26
ж е л т о қ с а н д а ғ ы № 1 2 9 7 қ а у л ы с ы ;
13. «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6
наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы.

8. Бюджеттік бағдарламалар

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.07 № 519, 2010.12.27 N 1421 Қаулыларымен.

3-қосымша

Әкімші	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер»						
кіші бағдарлама							
Сипаттау	Мемлекеттік статистиканы салааралық үйлестіруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер						
1-стратегиялық бағыт	Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру						
1.1-мақсат	Статистикалық әдіснаманы жетілдіру						
1.1.3-міндет	Статистика салаларының әдіснамасын жетілдіру						
Көрсеткіштер							
		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
С а н д ы қ көрсеткіштер	Жаңа статистикалық байқауларды енгізу	бірлік	3	11	3	2	2
Сапалық көрсеткіштер	Әдіснамалық материалдарды жыл сайын жаңғырту және әлемдік тәжірибеге сәйкес келтіру арқылы статистикалық байқауларды өткізу әдіснамасын жетілдіру	бірлік	6	40	17	12	6

Тиімділік көрсеткіштері	Бір қызметкерді ұстаудың орташа құны	мың теңге	712	1013	1117	1369	1497
Нәтиже көрсеткіштері	Көрсеткіштер санының жыл сайын өсуі	бірлік	51	106	кемінде 40	кемінде 20	кемінде 20
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге	3 010 625	3 777 070	4 341 130	5 105 232	5 582 810
Әкімші	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	002 «Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер»						
кіші бағдарлама							
Сипаттау	Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөнінде қызметтер көрсету						
1-стратегиялық бағыт	Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру						
1.1-мақсат	Статистикалық әдіснаманы жетілдіру						
1.1.3-міндет	Статистика салаларының әдіснамасын жетілдіру						
Көрсеткіштер							
		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
Сандық көрсеткіштер	Әдіснамалық материалдарды жыл сайын жаңғырту және оларды әлемдік тәжірибеге сәйкес келтіру арқылы статистикалық байқауларды өткізу әдіснамасын жетілдіру	бірлік	6	40	17	12	6
Сапалық көрсеткіштер	Мемлекеттік статистика деректеріне сенім деңгейін арттыру	%	-	-	70	75	80
Тиімділік көрсеткіштері	Бір байқауды өткізудің орташа құны	мың теңге	4 174	5 883	6 316	6 316	6 316
Нәтиже көрсеткіштері	Статистика салалары бойынша жаңа статистикалық байқауларды енгізу	бірлік	3	11	3	2	2
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге	889 020	1 200 128	1 200 128	1 200 128	1 200 128
Әкімші	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	003 «Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру»						
кіші бағдарлама							
Сипаттау	Ақпараттық жүйелерді құру						
2-стратегиялық бағыт	Респонденттермен жұмысты жетілдіру						
2.2-мақсат	Респонденттер ұсынатын бастапқы статистикалық деректердің сапасын арттыру						
2.2.1-міндет	Статистикалық байқау нысандарын жинаған кезде заманауи ақпараттық технологияларды енгізу						
Көрсеткіштер							

		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
С а н д ы қ көрсеткіштер	Статистикалық нысандарды электрондық түрде қабылдау бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу және қолдау	бірлік		8	53	90	100
Сапалық көрсеткіштер	Респонденттерге түсетін жүктемені төмендету	2009 жылғы деңгейге %-бен		2	2	2	2
Тиімділік көрсеткіштері	Бір ақпараттық жүйені құру мен енгізудің орташа құны	мың теңге	43 560	29 530			
Нә т и ж е көрсеткіштері	Статистикалық нысандарды электрондық түрде қабылдау бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу	%		8	Кемінде 40	Кемінде 30	Кемінде 10
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге	217 802	61 060			
Әкімші	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	004 «Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер»						
кіші бағдарлама							
Сипаттау	Мемлекеттік статистиканың әдіснамасын жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеулер және талдамалы жұмыстарды жүргізу						
1-стратегиялық бағыт	Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру						
1.1-мақсат	Статистикалық әдіснаманы жетілдіру						
1.1.1-міндет	Талдамалық зерттеулерді өткізу						
1.1.2-міндет	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау						
Көрсеткіштер							
		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
С а н д ы қ көрсеткіштер	Ғылыми-зерттеу жұмыстары	бірлік	13				
	Талдамалы зерттеулер жүргізу	бірлік	6	7	Кемінде 5	Кемінде 5	Кемінде 5
Сапалық көрсеткіштер	Көрсеткіштер санының жыл сайын өсуі	бірлік	51	106	Кемінде 40	Кемінде 20	Кемінде 20
	Статистикалық деректердің салғастырымдылығын арттыру: әртүрлі әдістермен есептелген, негізгі макроэкономикалық индикаторлар бағалауларындағы алшақтықты азайту	бағалардағы алшақтықтың %-ы	10	9	8	7	6
Тиімділік көрсеткіштері	Бір тақырып бойынша ғылыми зерттеу жүргізудің орташа құны	мың теңге	3 183	2 330			

Көрсеткіштер		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
С а н д ы қ көрсеткіштер	Статистика департаменттерінің ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу	бірлік	1		3	3	3
Сапалық көрсеткіштер	Әзірленетін көрсеткіштер санының жыл сайын өсуі	бірлік	51	106	Кемінде 40	Кемінде 20	Кемінде 20
Тиімділік көрсеткіштері	Қаражаттың игерілу деңгейі	%	99		100	100	100
Н ә т и ж е көрсеткіштері	Үй-жайларды жөндеуді қамтамасыз ету	%			12,2	12,2	12,2
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге	111 150		43 181	27 200	27 200
Әкімші	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	008 «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін материалдық-техникалық жарактандыру»						
кіші бағдарлама							
Сипаттау	Материалдық-техникалық жарактандыру						
1-стратегиялық бағыт	Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру						
1.1-мақсат	Статистикалық әдіснаманы жетілдіру						
1.1.3-міндет	Статистика салаларының әдіснамасын жетілдіру						
Көрсеткіштер							
		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
С а н д ы қ көрсеткіштер	Есептеу, ұйымдық, коммуникациялық және өзге жабдықтарды алу	бірлік	2972		131		
Сапалық көрсеткіштер	Есептеу техникасы мен серверлік жабдықтар паркін жаңарту	%	15		12	13	13
Тиімділік көрсеткіштері	Агенттік қызметкерлерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі	%	70	70	70	60	50
Н ә т и ж е көрсеткіштері	Материалдық-техникалық базаны жақсарту, техникалық, коммуникациялық, есептеу және өзге жабдықтарды сатып алу және жаңғырту есебінен, қызметкерлердің жұмыс жағдайларын жақсарту, есептеу және ұйымдық техника құралдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету	%	70	70	70	60	50
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге	256 339		13 713	29 025	29 025

Әкімші	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	009 «Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер»						
кіші бағдарлама							
Сипаттау	Статистикалық ақпаратты тарату жөнінде қызметтер көрсету						
1-стратегиялық бағыт	Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру						
1.1-мақсат	Статистикалық әдіснаманы жетілдіру						
1.1.3-міндет	Статистика салаларының әдіснамасын жетілдіру						
Көрсеткіштер							
		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
С а н д ы қ көрсеткіштер	Статистика агенттігінің интернет-ресурстарында статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың өтініштері саны	бірлік	1000-нан кем	Кемінде 75 мың	Кемінде 120 мың	Кемінде 200 мың	Кемінде 300 мың
Сапалық көрсеткіштер	Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес статистикалық ақпаратты мерзімге сәйкес тарату	%	100	100	100	100	100
Тиімділік көрсеткіштері	Бір жарияланымды шығарудың орташа құны	мың теңге	2809	1164	2000	2161	2333
Нәтиже көрсеткіштері	Статистикалық жұмыстар жоспарын орындау	%	100	100	100	100	100
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге	140 457	114 055	92 872	127 476	137 674
Әкімші	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі						
Бюджеттік бағдарлама	011 «е-Статистика» интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту»						
к і ш і бағдарламалар							
Сипаттау							
3-стратегиялық бағыт	Статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмысты жетілдіру						
3.1-мақсат	Мемлекеттік статистикаға сенімді арттыру						
3.1.1-міндет	Интернет-ресурс арқылы статистикалық ақпаратты таратуды кеңейту						
Көрсеткіштер							
		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
С а н д ы қ көрсеткіштер	Статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың интернет-ресурсқа өтініштері санының ұлғаюы	бірлік	1000 кем	75 мың	Кемінде 120 мың	Кемінде 200 мың	Кемінде 300 мың

Сапалық көрсеткіштер	Мемлекеттік статистика деректеріне сенім деңгейінің жоғарылауы	%			70	75	80
Тиімділік көрсеткіштері	Агенттіктің веб-порталы арқылы пайдаланушылардың статистикалық ақпаратқа қол жеткізуі	%			100		
Көрсеткіштер							
		Өлшем бірлігі	2008	2009	2010	2011	2012
Нәтиже көрсеткіштері	Ақпараттық-талдамалық жүйені интернет-ресурсқа бастапқы енгізу	бірлік			1		
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге			34 000		

6-ҚОСЫМША

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың бөлінуі

Ескерту. Кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.07 № 519, 2010.12.27 N 1421 Қаулыларымен.

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және бюджеттік бағдарламалар	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
	2008	2009 бағалау	2010	2011	2012
1	2	3	4	5	6
1-стратегиялық бағыт. Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру	4 445 768	5 152 926	5 706 938	6 507 853	6 995 629
1.1-мақсат. Статистикалық әдіснаманы жетілдіру	4 445 768	5 152 926	5 706 938	6 507 853	6 995 629
1.1.1-міндет. Талдамалық зерттеулерді өткізу		17 400	15 914	18 792	18 792
004 «Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» бағдарламасы		17 400	18 792	18 792	18 792
1.1.2-міндет. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау	41 377	44 273			
004 «Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» бағдарламасы	41 377	44 273			
1.1.3-міндет. Статистика салаларының әдіснамасын жетілдіру	4 404 391	5 091 253	5 691 024	6 489 061	6 976 837
001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде	3 007 425	3 777 070	4 341 130	5 105 232	5 582 810

мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер» бағдарламасы					
002 «Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулер» бағдарламасы	889 020	1 200 128	1 200 128	1 200 128	1 200 128
007 «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу» бағдарламасы	111 150		43 181	27 200	27 200
008 «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру» бағдарламасы	256 339		13 713	29 025	29 025
009 «Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызмет көрсетулер» бағдарламасы	140 457	114 055	92 872	127 476	137 674
1.2-мақсат. Статистикалық құралды жетілдіру					
1.2.1-міндет. Статистикалық тіркелімдер мен мемлекеттік жіктеуіштер жүйесін дамыту					
1.2.2-міндет. Жаңа статистикалық байқауларды енгізу					
1.2.3-міндет. Жаңа статистикалық көрсеткіштер енгізу және қолдағы бар статистикалық көрсеткіштердің салыстырымдылығын арттыру					
2-стратегиялық бағыт. Респонденттермен жұмысты жетілдіру	217 802	61 060			
2.1-мақсат. Респонденттерге түсетін жүктемені төмендету					
2.1.1-міндет. Респонденттерге түсетін есепті жүктемені төмендету					
2.2-мақсат. Респонденттер ұсынатын бастапқы статистикалық деректердің сапасын арттыру	217 802	61 060			
2.2.1-міндет. Статистикалық байқау нысандарын жинаған кезде заманауи ақпараттық технологияларды енгізу	217 802	61 060			
003 «Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру» бағдарламасы	217 802	61 060			
2.2.2-міндет. Респонденттермен Call-центрлар арқылы өзара алмасу					
3-стратегиялық бағыт. Статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмысты жетілдіру	2 631 582	3 256 950	49 386		
3.1-мақсат. Мемлекеттік статистика деректеріне сенімді арттыру	2 631 582	3 256 950	49 386		

3.1.1-міндет. Интернет-ресурс арқылы статистикалық ақпаратты таратуды кеңейту			34000		
011 «е-Статистика» интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту» бағдарламасы			34000		
3.1.2-міндет. Үдерістерді жетілдіру және статистикалық ақпаратты қалыптастыру рәсімдерінің айкындығын қамтамасыз ету					
3.1.3-міндет. Халықтың ұлттық санағын өткізу және қорытындыларын тарату	2 631 582	3 256 950	15 386		
006 «Ұлттық санағын өткізу» бағдарламасы	2 631 582	3 256 950	15 386		
4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік статистика органдар жүйесінің тиімділігін арттыру					
4.1-мақсат. Мемлекеттік органдармен деректерді электронды түрде алмасуды қамтамасыз ету					
4.1.1-міндет. Деректермен электронды алмасуды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс					
5-стратегиялық бағыт. Статистикалық қызмет саласында халықаралық тәжірибені алу					
5.1-мақсат. Халықаралық ұйымдар мен ұлттық статистикалық институттармен ынтымақтастық негізінде статистика әдіснамасын жетілдіру					
5.1.1-міндет. Шетелдік статистикалық әріптестермен озық тәжірибе алмасу					
2008 жылы аяқталатын басқа да бағдарламалар	275 557				
Агенттік бюджетінің жиыны	7 570 709	8 470 936	5 756 324	6 507 853	6 995 629

6-қосымша

Бюджеттік шығыстар жиынтығы

Ескерту. Жиынтыққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.07 № 519, 2010.12.27 N 1421 Қаулыларымен.

мың теңге

Бағдарлама	кіші бағдарлама	Бағдарламаның атауы	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
			2008	2009 бағалау	2010	2011	2012
1	2	3	4	5	6	7	8

		Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар					
001		Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер	3 007 425	3 777 070	4 341 130	5 105 232	5 582 810
002		Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер	889 020	1 200 128	1 200 128	1 200 128	1 200 128
004		Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	41 377	61 673	15 914	18 792	18 792
005		Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу	261 036				
006		Ұлттық санақ өткізу	2 631 582	3 256 950	15 386		
007		Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	111 150		43 181	27 200	27 200
008		Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру	256 339		13 713	29 025	29 025
009		Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер	140 457	114 055	92 872	127 476	137 674
116		Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту	14 521				
		Ағымдағы бағдарламалар бойынша жиыны	7 352 907	8 409 876	5 722 324	6 507 853	27 200
		Даму бюджеті					
011		«е-Статистика» интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту			34 000		
003		Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру	217 802	61 060			
		Даму бағдарламалары бойынша жиыны	217 802	61 060	34 000		
		Агенттік шығыстарының барлығы	7 570 709	8 470 936	5 756 324	6 507 853	6 995 629

5-қосымша

Бюджеттік шығыстар жиынтығы

Ескерту. Жиынтыққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.07 № 519, 2010.12.27 N 1421 Қаулыларымен.

мың теңге

Бағдарлама	кіші бағдарлама	Бағдарламаның атауы	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
			2008	2009 бағалау	2010	2011	2012
1	2	3	4	5	6	7	8
		Қызметтер					
011		«е-Статистика» интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту			34 000		

001	Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер	3 007 425	3 777 070	4 341 130	5 105 232	5 582 810
002	Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулер	889 020	1 200 128	1 200 128	1 200 128	1 200 128
003	Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру	217 802	61 060			
004	Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	41 377	61 673	15 914	18 792	18 792
005	Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу	261 036				
006	Ұлттық санақ өткізу	2 631 582	3 256 950	15 386		
009	Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер	140 457	114 055	92 872	127 476	137 674
	Қызмет көрсетулер бойынша жиыны	7 188 699	8 470 936	5 665 430	6 451 628	6 939 404
	Күрделі шығыстар					
116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту	14 521				
007	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	111 150		43 181	27 200	27 200
008	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру	256 339		13 713	29 025	29 025
	Күрделі шығыстар бойынша жиыны	382 010		56 894		
	Агенттік шығыстарының барлығы	7 570 709	8 470 936	5 756 324	6 507 853	6 995 629